



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

көзінен жас парлап, халық бетін тырнап даңқты батырын жоқтағаны белгілі. Яғни бұл дәстүр сонау б.з.д сақ дәуірінен басталып, әлі күнге дейін сақталып келе жатыр. «Алып Ер Тоңаны жоқтау» жыры сонау сақ дәуірінде өмір сүрген ержүрек батыр туралы жыр. Бұл жыр туралы және Алып Ер Тоңа жайлы Т. Жұртбайдың айтуынша: “Алып Ер Тұңға – түркі халқының ең көне дәурдегі батыры. Аты аңызға айналғанымен де ол тарихи тұлға. Дәлірек айтсақ, біз сөз етіп оырған – Ишпақай немесе оның немересі – Мәди патша. Парсының «Шахнамасындағы» Афрасиаб. Алып Ер Тұңға Ишпақай ма, Мәди ме, - мәселе онда емес. Жырдың сақталып қалуының өзі таңғажайып құбылыс қой! ” [9,74 б.]. Осыдан біз шынында бұл жырдың біздің дәуірге дейін жеткеніне таңқалмасқа шара жоқ. Жоқтаудың – ауыз әдебиетінде алатын орны ерекше, ал бұл көне жоқтау үлгісі, түркі фольклорының ерте кезден ақ пайда болғанын көрсетеді.

Қорыта келгенде, көне түркі фольклорында түркілердің рухани мәдениетінің, оның ішінде айрықша бұл ауыз әдебиеті үлгілерінен түркілердің ежелдегі наным – сенім бейнесін көре аламыз. Бұл нанымдардың кейбірінің ізі, ал кейбірі толықтай, олардың ішінде тәңірге табыну, әруақты қастерлеу, отқа табыну, анимизмнің және тотемизмнің қалдықтары сақталған. Бұл нанымдардың біздің заманымызға дейін жетуі, рухани мәдениеттің түркілерде ерекше дамып, атадан – балаға мұра ретінде жетіп, бабалар мирасының сақталуына көп көмегін тигізді.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.7. Н-С / бас ред.Б.Аяған.- Алматы: "Қазақ энциклопедиясының"Бас редакциясы, 2005.- 728 б., сур.
2. Чокан Валиханов. Избранные произведения / Составители Б. Е .Кумеков, В. А. Моисеев, В. Н. Настич. - Москва: Наука, 1986. - 420 с
3. Трусунув Е. Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк – Пресс, 2011. – 168с
4. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 1-т: Көне дәурдегі әдеби ескерткіштер. Құраст.: Ш.Ахметұлы, А.Әлібекұлы, Н.Базылхан, С.Қордабай, Қ.Орынғали, Қ.Сартқожаұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 504 б
5. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б
6. Қашқари, М. Түбі бір түркі тілі («Диуани луғат ит - турк »). – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 192 б
7. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.
8. Қазақ қолжазбалары. 10 томдық. Т.1. Ежелгі грек, көне қытай жазбаларындағы түркілік әдеби үлгілер (түпнұсқа, жолма-жол аударма, әдеби аударма): көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары (б.д.д. Х ғ. бастап-XX ғ. дейін).- Алматы: Ел-шежіре, 2011.- 456б.- (Мәдени мұра).

ӘӨЖ 81’367.24:725.94

АРМЯН ЖАЗУЛЫ ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШІ «ТӨРЕ БІТІГІ» ТІЛІНДЕГІ ШЫЛАУЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұхаметжан Аяулым Алтынбайқызы

princess.rapunsell@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Түркітану кафедрасының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Толстой, Түркітану кафедрасының оқытушысы

Қазіргі егемендікке ие болып отырған қазақ халқының ұлттық тілінің байырғы күйін, даму кезеңдерін, шығу тегін айқындау – бүгінгі күннің немесе қазақ тіл білімінің басты

міндеті. Түрктанушы ғалымдар қазақ тілін орта ғасырлардағы көне қыпшақ тілінің тікелей мұрагері деп біледі. Орта ғасырларда қыпшақ тілінің араб әліпбиімен ғана емес, сондай-ақ, армян әліпбиімен жазылған мұралары да жетерлік.

Бүгінгі күні қазақ тілінің тарихын көне түркі, орта ғасыр жазба ескерткіштері материалдары негізінде зерттеу үрдісі қалыптасты. Себебі қазақ халқының тарихы өзге түркі этностар тарихы сияқты көне түркі, орта түркі дәуірлерінен бастау алады. Қазақ тілінің тарихына, халқымыздың мәдениетіне қатысты бірқатар жазба ескерткіштер ғылыми сарапқа түсіп талданды, қазақ тілінде баспадан шығарылды. Әйтседе, қазақ тілінің тарихи тамырларының бірі болып табылатын көне қыпшақ және армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің барлығы бірдей ғылыми айналысқа түсіп, тілдік ерекшеліктері толығымен айқындалды дей алмаймыз.

XI ғасырдан бері Қаратеңіздің солтүстік өңіріне қоныс аударып, Дешті Қыпшақ деп аталатын елді мекеннің қыпшақтарымен бірге өмір сүре бастаған армяндар Қырымнан бастап Украина, Румыния және Польша өңірін мекен етіп, қыпшақ тілінде жазылған мұралар қалдырды. Дін мен құқық мәтіндеріне негізделген бұл лингвистикалық мұралар XX ғасырдың ортасынан бастап батыстық ғалымдар тарапынан зерттеле бастады. Армян-қыпшақ деп аталатын мәтіндер қуатты қыпшақ халқының арасында уақыт өте келе қыпшақтанған армяндар тарапынан туындаған деген түсінік қалыптасты. Бірақ осы тіл жәдігерлері армяндардың христиандық Григорян бұтағын қабылдаған қыпшақтардың армян әліпбиімен жазған мәтіндері болуы да мүмкін. Осындай мәселелердің ара-жігін айқындау мүдделі қажеттіліктер қатарына жатады. Күрделі тарихи құбылыстардың куәсі болып табылатын армян жазулы қыпшақ ескерткіштері бүгінгі дәуірде құнды деректер болып табылады. Ал осы деректер негізінде ортағасырлық қыпшақ тілінің тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты лексикалық құрамы қалай қалыптасты, дамыды, қазіргі қазақ тілімен қандай ортақтықтары бар деген мәселелер ғылыми түрде нақты тиянақталған жоқ.

XI-XVII ғасырлар аралығында Қырым, Подолия, Польша, Венгрия, Египет аумағында руна, латын, араб, армян, славян жазуларымен хатқа түсіп, бүгінгі күнге жеткен печенег, қыпшақ (половец, куман) тілдеріндегі жәдігерліктердің қазіргі түркі тілдері арасында алатын орны жайында айта келіп, белгілі ғалым-түрколог Э.Р.Тенишев бұл ескерткіштердің қазіргі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне өте жақын екендігін, қыпшақ ескерткіштері қазақ тілі тарихының ерте дәуірін зерттеуде аса маңызды қайнар көз болатындығына, аталған кезеңдегі жазба мұраларды жан-жақты зерттеу қажеттілігіне кезінде ғалымдар назарын аударған еді [1]. XI ғасырдан бастап Дешті Қыпшақта бірге өмір сүре бастаған және XIII ғасырдан бастап өз араларында жақын байланыстар орнатқан армяндар мен қыпшақтар, сауда және қолөнер сияқты игіліктер саласындағы орны бірдей болды. Осы себептен де бірге жасасудың тіл мен дәстүрге қатысты әсерлері болған. Жоғарыда да айтылғандарға қатысты армяндардың басым көпшілігінің саудамен айналысуы, түркілердің әлеуметтік өмірінде армяндармен тұрақты бірге болуы ең үлкен әсерлердің бірі болды. 1970 жылдардан қазірге дейін зерттеле бастаған армян жазулы қыпшақ тілінің мәтіндері аясында зерттеуші ретінде танылған ғалымдар Едуард Трыарский, Эдмунд Шютц, Омелян Притсак [2] және Жан Дени сияқты есімдер осы салада жасаған еңбектерінде армян-қыпшақ терминін қолданған. Армян-қыпшақ ескерткіштерін жариялауда Г.Алишан, Ж.Дени, Э.Шютц, Э. Трыарски, И. Вашари, М. Левицкий, Р. Кон және т.б. шет ел ғалымдарымен қатар, бұрынғы Кеңестер Одағында Т.И.Грунин [3], А.Н. Гаркавец, И. Абдуллин, Я.Р. Дашкевич сияқты ғалымдар көп еңбек сіңірді.

Ең алғашқы көне қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің бірінші басылымында 1896 жылы Венецияда Г. Алишанның 1560 жылдан бастап 1624 жылға дейін Каменец – Подольсктегі оқиғалар туралы бөлімі жарияланды. 1611 жылдан бастап 1624 жылға дейін оқиғалардың бөлімі көне қыпшақ тілінде жазылған, ал қалған бөлімі армян тілінде жазылған [4].

Еліміздің ел басқару, заң шығару істерін ертеден-ақ әділ жүргізуді маңызды деп білгенін тарихи құнды мұралардан байқаймыз. Бұған мысал – армян жазуымен жазылған орта ғасырлық қыпшақ ескерткіші – «Төре бітігі – Армяно-кыпчакский судебник 1519-1594» деген атпен белгілі.

«Төре бітігі – Армян-қыпшақ сот ісін жүргізу кодексі» көлемі жағынан аса ауқымды. Еңбек кіріспе, зайырлы заңдар жинағы және көбінесе іс жүргізу сипатты қосымша баптардан тұрады.

«Төре бітігінің» транскрипциясын және орыс тіліне аудармасын белгілі ғалым проф. А.Н. Гаркавец жасаса, қазақ тіліне аудармасын академик Ғ.Сапарғалиев жасаған [5].

Аталмыш ескерткіш тіліндегі шылауларды зерттеудің маңызы зор.

Шылаулардың о баста толық мағыналы сөздер болғандығы туралы барлық ғылыми еңбектерде жазылып келеді. А.Байтұрсынов шылауларды былайша үшке бөледі: 1. *Үстеу*. 2. *Демеу*. 3. *Жалғаулық*. Ғалым шылаулардың қатарына үстеулерді де жатқызады. *Демеуліктерге да, де, ма, ме, әлде не, немесе, әйтпесе де* т.б. жалғаулықтарды жатқызады. Ал жалғаулықтарға қазіргі күнде септеулік шылау делініп жүрген біраз сөздер енгізілген. Ол туралы А.Байтұрсынов былайша түсінік береді: «Кей сөздер жалғау орнына жүреді жаңа жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз. Жалғаулық сөздер қазақ тілінде тіпті аз, мәселен: мен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы» [6]. Шылаулардың тарихына мән беріп, арнайы тоқталған М.Балақаев. Ол 1941 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері» атты еңбегінің «Шылау сөздер тарихы» тарауында шылаулардың шығу тегі, дамуы турасында ғалымдар пікірлеріне шолу жасай келіп, былай деп жазады: «...шылау сөздердің кейбірі бастапқы сөзінен онша өзгере қоймаған, кейбірі көптеген өзгеріске ұшырап, бұрынғы сөзінен мүлдем қашықтап кеткен...» [7].

Армян қыпшақ саласының белгілі маманы «Дана Хикар сөздігін» зерттеуші ғалым С.Құдасов: «армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі шылаулар құрамы жағынан негізінен орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегідей болып келеді және қазіргі түркі тілдеріндегідей көп айырмашылығы жоқ» дей отырып оларды септеуліктер, жалғаулықтар және демеуліктер деп қарастырады [8]. Мысалы:

1. Септеуліктер: **біла** атау тұлғадағы (а) және ілік септігіндегі сөздерді (ө) меңгереді: а) сөз біла да ахча біла /58а,11-12/ “сөзбен және ақшамен”, ө) аның біла күреш тутма /57,3-4/ “онымен күреспе”, **үчүн** септеулігі атау тұлғадағы сөздермен келеді (а) және ілік септігінде жіктеу есімдіктерін меңгереді (ө: а) теңрі буйуруп тыр чағырны фараһлік үчүн /60,13-14/ “тәңірі шарапты қуаныш үшін (ішуге) бұйырыпты”; **кібік** септеулігі ілік септігін меңгереді: менім кібік кім еса да сөзлама болмас /61, 4-5/ “мен сияқты ешкім де сөйлей алмас”, **дйін** септеулігі барыс сепігіндегі сөздермен тіркеседі: бүгүнга дейін /62а,22/ “бүгінге дейін”; **діра** септеулігі де барыс септігін меңгереді: аңар діра /55,7-8/ “оған дейін”; **көра** септеулігі де барыс септігіндегі сөздермен тіркеседі: сені тас етті сенің йаманл(ы)хыңа көра /62а,15/ “сені сенің жамандығыңа қарай жоқ қылды”, **утру** септеулігі барыс септігін меңгереді: аңар утру болма /57,4-5/ “оған қарсы болма” т.б. **бурун** септеулігі шығыс септігіндегі сөздермен тіркеседі: барча тераклардан бурун чічакланір /55а,13-14/ “барша ағаштардан бұрын гүлдер”, **соңра** септеулігі шығыс септігін меңгереді: сендан соңра /54а,27/ “сенен соң”,

2. Жалғаулықтар: **Да, та, “да, та, және”**: ічірдім да йедірдім аны /55,3/ “оны ішкіздім де жегіздім”, буйуруңуз да маңа ер оғул беріңіз /54а,14-15/ “бұйырыңыз да маған ер бала беріңіз”, **дағы, дағын “тағы, және”**: дағы йаман башлады /61,25/ “тағы жамандықбастады”, сүрдүм да кетердім хатымдан да айттым дағын. /61,23-24/ “қудым да кетірдім жанымнан және айттым. **зера** “өйткені”: зера теңрінің да атаның ананың алғ(ы)шы бір дір /56,15-16/ “өйткені ата-ананың алғысы тәңірінің (алғысымен) бірдей”, **йа “я, немесе”**: Йа тапарсен аның кі досад йа тапмасен /59,21-22/ “ондай дос я табарсың, я таппасың”. **йана “және”**: йана сордулар услу Хігарга /61а,7-8/ “дана Хикардан (олар) және сұрады” т.б. **егар “егер”**: егар турса саңа йаман етар /56,12/ “егер (орнынан) тұрса саған жаманшылық жасар”. **кі**: айтты хан келтір алныма кі көрійім /55,21/ “хан айтты “алдыма келтір көрейін”-деп, **аның үчүн кі “сондықтан, өйткені”**: аның үчүн кі сенің үлүшүннү йегін /56,5-6/ “сондықтан өз үлесінді жегін”, **хайсі кі**: хайсі кі алтын йүзүк сенің дүгүл аны бармахыңа хойма /56а,27-28/ “(ол) алтын жүзік сенікі болмаса оны саусағыңа салма”, **у, да**

“және, мен”: зерә кі йахшілх у тірлік у мал теңірдан дір /59а,4-5/ “өйткені жақсылық, тірлік және мал (болуы) тәңірден-ді”, **на “онда”**: еғар йарлы есаң на сыңарларың арасына алані етма /59,6-7/ егер жарлы болсаң онда (оныңды) жолдастарыңның арасына білдірме”.

3. Демеуліктер. **мі**: айтты хан сен менім алафымны ішіттің мі? “сен менің әңгімемді (жағдайымды) естідің бе?**з(ы)на**: азғ(ы)на сұхланғаның /52а,8/ “азғына сұқтанғаның(көз салғаның)”.

Қазақ тіліндегі және армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі шылаулардың зерттелуін сараптау барысында қазақ тілімен қыпшақ тілі арасындағы шылаулардың біразы фонетикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырағандығы және кейбір шылаулар қазіргі оғыз тілдеріндегідей қолданылғандығы байқалды.

«Төре бітігі» тіліндегі септік жалғаулары бірінің орнына бірі қолданылған. Оларды қазіргі қазақ немесе басқа түркі тілдеріндегідей нақты жүйелік байқалмайды. Сол себептен септеуліктердің грамматикалық көрсеткішпен тіркесуін сөйлемнің мазмұны мағынасы арқылы анықталады. Мысалы: *här biri xardaš üläšingändän soŋra* (89к, 1396) – әрбірі үлесті алғаннан **соң** (89-бап, 688б). «Төре бітік» тілінде мынадай септеулік шылаулар кездеседі: *билә, дирә, учун, кибик, аниң кибик ки, диін, көрә, утру, бурун, соңра*

1. Ілік септігін меңгеретін септеуліктер: *kibik*. Мысалы: *altın kümüş kibik* (73-кап, 129 б).

2. Табыс септігін меңгеретін септеуліктер: *учун*. Мысалы: *Aniñ üčün ne bir kimsa ne bir söz kötüräs da ziyan borçlu bolmas...*(96 – кап,142б). - Онда бұл туралы ешкім,ешқандай сөз көтермесін...(96 – кап, 691б).

3. Барыс септігін меңгеретін септеуліктер: *Дирә, диін, көрә. ...Muŋar dirä bolganı yoq...* - осыған **дейін** болған емес. *anıñ bolurlar üliña diyin* (47 — кап, 114 б).

4. Шығыс септігін меңгеретін септеуліктер: *бурун, соңра. här biri xardaš üläšingändän soŋra*(89к, 1396) – әрбірі үлесті алғаннан **соң** (89-бап, 688б).

5. Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер: *билә. Džäht bilä baħip alarnı da ögütlägäylär, ne*

6. *ik yaŋu görgüzsä*(8к, 88б) – Ұқыптылықпен қарап, оларды да жарғының анықтауы бойынша жазалау керек(8 бап, 668б) .

Түркологияда қалыптасқан демеулік атауына қатысты пікірлер де айтылған болатын. Қазақ тіл білімінде бұл атау алғаш А.Байтұрсынов еңбегінен бастап, «демеу» деген терминмен аталады. Қ.Жұбанов зерттеуінде «үстеуіштер» деп берілсе, С.Аманжолов еңбегінен бастап «демеуліктер» деген атау толық өз атын иемденген. Содан бері Р.Әміров, К.Амиралиев, Ф.Кенжебаева, Ғ.Иманалиева, В.Исенғалиева, Ы.Шақаманова сынды тілші ғалымдар оларды арнайы зерттеген. Олар жалпы шылаулар тарихын сипаттай отырып, бірі жалғаулықтардың, бірі септеуліктердің, енді бірі демеуліктердің әр қырларынан ғылыми зерттеулерін танытып, өзіндік құнды пікір – тұжырымдарын жасаған. "Төре бітік» заңнамасы бойынша статистикалық мәліметтеме жасалынды. Сонымен қатар қазіргі түркі тілдеріндегі шылау сөздермен салыстырылынып, өзгерген дыбыстық варианттары да көрсетілді. **мы/мі**: Төре бітігі тілінде өте сирек қолданылады. мы/мі тұлғалары қазіргі қазақ тілінде сұраулық демеулік ма/ме,ба/бе,па/пе форамаларында қолданылады. Мысалы: Ескерткіш тілінде: *Bu eminlikni, ki munda xoıydux, tutulmaħ keräk mi?*(1-кап, 83б)

Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын төмендегі мағыналық қатынаста байланыстырады:

Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *мен, бен, пен, менен, бенен, пенен, да,де, та, те, және, әрі. Bu yergä aŋlanmaħ keräk da saħlanmaħ keräk* (104 – кап,149б). - Бұл тәртіпті түсіну керек, воеводалардың бақылауымен сақтау керек (104 – кап, 693б).

Талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін жалғаулықтар: немесе, я болмаса. *Ya bir kimsä özgäni klämiyin oldürs*(74 – кап, 123б). - Оны тоқтата алмағаннан кісіні өлтірсе(74 – кап, 657б).

Себеппі білдіретін жалғаулықтар: себебі, өйткені, неге десең. Мысалы: *Aniñ üčün ki Teŋri yaratıptır adämini kendinä oħšaš, da adämini kimesä bolmastır ölüdän turuzma, tek Teŋri....*(117 – кап,157б). **Себебі** Тәңрі адамды өзіне ұқсас қып жаратқан және Тәңірден басқа өлген адамды **ешкім** тірілте алмайды (117 – кап,697б)

Салдарлық жалғаулықтар: сондықтан, сол себепті, сол үшін. *Хаьsін ki töräsін kendi etsär...*(120 – кап, 159 – 160б) Бір де жарғышы өзі қарап отырған іс бойынша кеңес бермесін... (120 – кап, 698б). *Шарттық жалғаулықтар*: егер, онда. *Egär kimesäniñ tuvarı kirgäy sačovga ...*(95 – кап, 141б). - Егер біреудің малы қыста... (95 – кап, 690б).

Ескерткіш тіліндегі бір шылау сөйлемнің мазмұнына қарай бірнеше мағынаны білдіргендіктен қазақ тілінде шылаулар формасының түрленгендігі айқындалды. Шылаулардың септелу, жіктелу, демеулік кезінде де сөйлемде әр түрлі қызмет атқарғандығы белгілі болды.

Зерттеу барысында Төре бітігі тіліндегі ең көп *егәр, ки, да, де, я* жалғаулық шылаулары қолданылса, септеулік шылаулардан *учун және билә* тұлғалары және сұрау демеуліктерінің *мі, ми* тұлғалары көп қолданылғандығы дәлеленді. Ең аз қолданылған *ең* демеулігі. Себебі «Төре бітігі» заңнамалар жинағы болғандықтан күшейтпелі шырай аз қолданылған.

Шылаулардың лексика-грамматикалық ерекшеліктерінің айқындалуы өз кезегінде тіл білімі саласының жете зерттелуіне елеулі үлесін қоспақ.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Тенишев Э.Р. Место кыпчакского (половецкого, куманского) и печенежского языков среди современных тюркских языков // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1970. – №5. – 78-81 бб.
2. Tryjarski E. An Armenko-Kipchak Sermon by Anton Vartabed from the 17th century. // Tractata Altaica. 1976. – P. 647-674.
3. Грунин Т. И. Памятники половецком языка XIV в. – Москва, 1967. – 430 с.
4. Алишан Г. История армян Польши и Румынии с приложением первоисточников. - Венеция, 1896. - 228 б.
5. Төре бітігі. Армяно-кыпчакский Судебник 1519-1594 гг. / Составители: А. Гаркавец, Г. Сапаргалиев, М. Капраль, М. Цимбал/. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, Баур, 2003.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы, 1992. – 444 б.
7. Балақаев М. Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері. Алматы, 1941.
8. Құдасов С. Армян жазулы кыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. – Алматы: Ғылым», 1990. Дана Хикардың ұлына айтқан өсиеттері. – Шымкент: «Жібек жолы», 2000.

УДК 903.226

ОБРАЗ ЖЕНЩИНЫ В ДРЕВНЕЙ НОМАДИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ (САКОВ, СКИФОВ, САРМАТОВ)

Нурмагамбетова Меруерт Маратовна

aa_bb_cc_de@mail.ru

Магистрантка первого курса специальности 6М021200- тюркология ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Н.Г.Шаймердинова

В VII-IV вв. до н.э. Южный, Восточный и Центральный Казахстан заселили саки - первые племенные объединения на территории Казахстана. Они говорили на восточноиранских и прототюркских языках, имели монголоидные черты лица. Наиболее подробные и интересные сведения о саках содержат греческо-римские источники. Сведения о саках содержатся также на клинописных наскальных надписях Персидских царей.

Персидские источники 1 тыс. до н.э. называли жителей степей саками, а греческие – азиатскими скифами.